

Анықтама

2024/2025 оқу жылының 15 қараша күні «Зорлық- зомбылықтың алдын алуға байланысты» 9а, 9ә, 9б, 9в сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 61 оқушы қатысты. Оқушылар сауалнама сұрақтарына түсіністікпен қарап, мұқият жауап беруге тырысты.

«Сіздің ойыңызша, неге біреу басқа адамға қатысты зорлық көрсетеді / мазақ етеді, күледі/?» - деген сұраққа «білмеймін» деп 36 оқушы, «өзін жоғары санағаннан» деп 12 оқушы, «тәрбиесі төмен» деп 13 оқушы жауап берді.

«Сізді біреу жиі ренжітеді ме?»- деген сұраққа «иә» деп 4 оқушы, «жоқ» деп 57 оқушы жауап берді.

«Сіздің ойыңызша, зорлық көрген адам бірден ол туралы айту керек па, әлде біраз күте тұру керек па?» - деген сұраққа «айту керек» деп 36 оқушы, «жоқ» деп 12 оқушы, «білмеймін» деп 13 оқушы жауап берді.

«Біреуге ызалану – бұл зорлық па?» - деген сұраққа «ызаланып ұрса, иә» деп 3 оқушы, «білмеймін» деп 3 оқушы, «жоқ» деп 55 оқушы жауап берді.

«Егер де сен зорлыққа ұрынсаң қайда, кімге бару керек екенін білесің бе?» - деген сұраққа «ата-анама» деп 22 оқушы, «жоқ білмеймін» деп 14 оқушы, «ТЖО психолог» деп 21 оқушы, «инспекторға» деп 4 оқушы жауап берді.

«Сізге қол тигізбей зорлық көрсеткен кездер болды ма?(кіру,шығу жолдарын бөгеу, зиян келтіремін деп қорқыту, адамға зат лақтыру, заттарды жұдырықпен ұру және т.б)» деген сұраққа «жоқ» деп 52 оқушы, «иә» деп 6 оқушы, «білмеймін» деп 3 оқушы жауап берді.

Әрбір оқушының жауабын мұқият қарап отырып осы қорытындыны шығардым және сауалнама алынған 9 сынып оқушыларының ешкімнен зорлық-зомбылық көрмегендігі және өздері де ешкімге зорлық- зомбылық көрсетпейтіндіктері анықталды. Екінші сұраққа «иә» деп жауап берген 4 оқушымен жеке әңгіме жүргізілді. Оқушылармен әңгімелесу барысында олардың бір-біріне ренжіп қалатын кездері болатынын, бірақта ол зорлық – зомбылыққа жатпайтыны анықталды. Әрі қарай да оқушылар арасында зорлық- зомбылықтың алдын-алу мақсатында сыныпта тәрбие сағаттарын өткізуге, мектеп инспекторымен кездесу, дөңгелек стол өткізу керек деп ұсыныс беремін.

Мектеп педагог – психологы: Сарбасова З. Дабулова Н.

Ақпарат

Тақырыбы: «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын»

Өткізілген күні: 20-21.10.2024ж.

Сыныбы: 5 – 9 сыныптар

Жұмыс түрі: тренинг

Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.

Адамның ең бастысы құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету.

Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

Нәтижесі: 5-9 сынып оқушыларына зорлық-зомбылық туралы түсіндіру мақсатында тренинг өткізілді. Тренинг барысында жаттығулар мен ой талқылар жүргізілді. Оқушылардың зорлық-зомбылық туралы ұғымдарын дамыту мақсатында сұрақтар қойылды, оларға оқушылар өз ойларын ашық айтып, жауап беруге тырысты. Сонымен қатар, оқушылардан «Сіз белсенділер қатарына жатасыз ба?» тақырыбында сауалнама алынды және оқушылардың берген жауаптарына қарай оларға қажетті кеңестер берілді. Тренинг соңында оқушылардың көңіл – күйлерін көтеріп, жағымды эмоция тудыру мақсатында релаксациялық жаттығу жүргізілді.



Психолог: Сарбасова З. Дабулова Н.

«Мектепте оқушылардың арасында буллингті алдын алу мәселелері» баяндама

Адамдар арасында өзін басқа адамнан күшті санап зорлық-зомбылық көрсетіп, қорқыныш үрей туғызып, өз дегеніне мәжбүрлеу бүгінгі күнде қоғамда буллинг деген атаумен кеңінен таныс. Кез-келген адам жас ерекшелігіне қарамай үйінде, көшеде, оқу орнында немесе жұмыс орнында тағы да басқа жерлерде буллингке ұшырауы мүмкін.

«Мектепте оқушылардың арасында буллингті алдын алу мәселелері» тақырыбындағы мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің мақсатты-қаржыландыру бағдарламасы аясында жарияланды. Қоғамда буллинг шамадан тыс даралану, бәсекелестіктің өсуі, күнделікті өмірдегі әлеуметтік шиеленіс, өзара жанжалды қарым-қатынасқа байланысты анықталады. Аталған тенденциялар білім беру жүйесінде де жиі кездеседі. Қазір Қазақстан мектептерінде жасөспірімдер арасында болып жатқан қорқыту мен зорлық-зомбылықтар педагогтер мен ата-аналар, құқық қорғау органдарын алаңдатуымен қатар, депутаттар арасында айтылып, дабыл қағу басталды. Осыған орай әлеуметтік жүйедегі жасөспірімдер жиі қолданатын Тік-Токқа тиым салуда ұсынылуда. Әлеуметтік жүйелерді қолдануға тиым салу жасөспірімдер арасында орын алып жатқан қайғылы жағдайларды тоқтататын, тиімді шешім деп айтуға болмайды. Себебі көп жағдайда буллингке ұшыраған оқушыда, ата-аналарда, сонымен қатар буллинг болған мектепте өз беделі мен абройын ойлап, бұндай оқиғаны жасырып қалуға тырысады. Сондықтан әлеуметтік жүйе болмаса қазір халқымыздың арасында көпшілікке таралып, қызу талқыланып, наразылық танытып, шешімін табуды талап етіп жатқан жасөспірімдер арасындағы жантүршігерлік буллинг жасырын қалып, өз жалғасын таба беруі де мүмкін еді

Мектепте бір оқушының екінші оқушыға зорлық-зомбылық жасап, қорқытуының жанжалдасудан айырмашылығы, олар қайталанатын, жүйелі әрекеттер. Оқушылардың

жас және мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты өзара келіспей қалуы, тіпті төбелесуі жиі кездесіп отыратын қалыпты құбылыс. Дегенмен мақсатты түрде буллинг жасау жасөспірімнің мінез-құлғындағы ауытқушылықты білдіреді. Осыған орай мектеп оқушыларының арасында қорқыту мен зорлық-зомбылықты ғылыми тұрғыда тұңғыш зерттеп, *буллинг* (қорқыту) – ұғымын 1993 жылы қолданысқа енгізген норвегиялық профессор, психолог Дэн Ольвеус.

Д. Ольвеус буллингті «әлеуметтік биліктің немесе физикалық күштің теңсіздігін қамтитын қасақана жүйелі түрде қайталанатын агрессивті мінез-құлық» [1] деп анықтады. Демек мектепте оқушылар арасында *буллинг* күш теңсіздігіне орай мақсатты, жоспарлы және жүйелі болып отырады. Оқушылар арасындағы күш теңсіздігін төмендегідей бөліп қарастырылады:

- физикалық (біреу күшті, біреу әлсіз);
- мәртебелік (біреуі танымал, беделді, біреуі беделі жоқ, «мен» әлеуеті төмен);
- әлеуметтік (біреу бай, ауқатты, біреу кедей, тұрмысы төмен);
- психологиялық (біреу өктем, бұзық, көшбасшылығы басым, біреу жуас, момын, қорқақ).

Буллинг мақсаты – қорқыту нысанасына әртүрлі формада үрей тудыру, оны өзіне бағындыру болып табылады.

2013 жылы Астана қаласында Норвегия Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мекемесі мен Қазақстандағы ЮНИСЕФ Өкілдігі дайындаған *«Қазақстан мектептердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау»* атты зерттеу жұмысының нәтижесі жарық көрген. Осы есеп түрінде шыққан басылымда мектептегі буллингтің төмендегідей негізгі түрлеріне сипаттама берілген.

Психологиялық зорлық-зомбылық – балаға назар аудармау, кері итеру, бақылау және/не оқшаулауға, баланы қорқытуға, үрей сезімін тудыруға, баланың мінезіне ықпал етуге, оның өзін-өзі құрметтеу, өз бағасын білу сезімін жоюға, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы мен жақсы өмір сүруіне кедергі келтіруге бағытталған қасақана жасалатын вербалды және іс-әрекеттік қимылдар схемасын қамтиды. Психологиялық кемсітушілік әрекетке баланың өзін керексіз, кемістігі бар, сүйкімсіз және қалаусыз болып табылатынына сендіру үшін жасалатын мазақтау, балағаттау, кемсіту, ұялту және дәрекі сөздер айту сияқты вербалды әрекеттер кіреді. Ол сондай-ақ баланы қорқыту және оны бақылау үшін қорқыныш сезімін тудыру мақсатында физикалық залал келтіре отырып балаға қауіп төндіру сияқты іс-әрекеттік қимылдарды да қамтиды.

Физикалық зорлық-зомбылық – балаға қатысты өзге баланың не ересектің тарапынан физикалық зардапқа не жарақатқа әкелетін, баланың денсаулығына, оның өмірінің ұзақтығына, дамуына, өзін-өзі бағалау сезіміне нұқсан келтіруі мүмкін физикалық күш көрсету арқылы жасалатын әрекеттер. Физикалық зорлық-зомбылық ретінде бағаланатын іс-әрекеттің түрлері көп: соққы, ұру, итеру, тебу, тұншықтыру, шаштан тарту, сілкілеу, қандай да бір затпен не қарумен шабуыл жасау. Физикалық зорлық-зомбылық көбінесе балаға залал не жарақат әкеледі, тіпті баланың мүгедек болуына не қайтыс болуына да соқтыруы мүмкін.

Жыныстық сипаттағы сөздерді айту не қысым көрсету – қандай да бір баланың не ересектің балаға қатысты жыныстық алдап-арбауы, нәпсіқұмарлық сипатта ауызша не физикалық қысым көрсетуі, жыныстық құмарлықты ояту үшін балаға қатыгездікпен қарау. Басқа баланың жыныстық мүшелеріне қол тигізу/ұстау, баланы жыныстық белсенділікке қатысуға шақыру (нәтижесіне қарамай), жыныстық мүшелерді жалаңаштап көрсету, балаға порнография көрсету және баламен жыныстық қатынасқа түсуді қамтиды.

Бопсалау – балаға зорлық не тән жарақатын салу қауіпін қосқанда, қысым жасау не мәжбүрлеу арқылы заңсыз ақша мен мүлік талап ету және алу түрінде көрінетін қылмыс.

Кибербуллинг – баланың соңына түсу, қорқыту, ұялту мақсатында интернет арқылы таралатын әлеуметтік жүйелерді пайдалану. Дәрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберу; жәбірленушіні онлайн режимінде мазақ ету не жеке басына тән

ақпаратты, фотоны не бейнежазбаны орналастыру; басқа баланың қыр соңына түсу не мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб-парақшаны не он-лайн режимінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамтиды.

Құрбылар тарапынан қорқытып-үркіту – нақты не болжамды күштер теңсіздігін білдіретін мектеп жасындағы балалар арасындағы агрессивті әрекеттер. Мінез-құлықтың мұндай моделі қайталанып отырады немесе белгілі бір кезең сайын қайталануы ықтимал. Баланы кемсіту қорқыту, өсек тарату, балаға физикалық не сөзбен тиісу не әдейілеп топтан шығарып тастауды қамтиды.

Кемсітушілік – баланың жынысына, ұлтына, ұлыстық мәртебесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне не мүгедектігіне негізделген әділетсіз не бөліп-жару қарым-қатынасы.

Тән жазасы – физикалық күш қолданылатын, балаға қандай да бір жеңіл ауырту сезімін не қолайсыздықты сездіруге бағытталған кез келген жазаны білдіреді. Көбінесе, бұл соғып жіберу, шапалақпен тартып қалу, баланы қолмен не затпен ұруды білдіреді. Сондай-ақ тебу, сілкілеу, баланы итеру, тырнау, шымшу, шашынан тарту не құлағынан жұлқылау, балаларды қолайсыз позада ұстау, күйдіру, буға шалдыру, мәжбүрлеп жұтқызу (мысалы, баланың аузын сабынмен жуу не ащы дәмдеуіштерді жұтуға мәжбүрлеу) де қамтылады [2].

Мектептегі буллинг бойынша сарапшы ретінде танымал ғалым - Финляндиядағы Турку университетінің психология профессоры және жетекші INVEST зерттеу орталығы басшысының орынбасары Кристина Салмивалли әріптестерімен бірге мектептегі буллингке қатысушыларды анықтаған. Осыған орай педагог, психолог және ата-аналарға мектепте буллингке қарсы тұру кезінде ескеруге қажетті төмендегі бірнеше рөлдер [3] көрсетілді:

- *агрессор*: белсенді, буллинг жасауға бастама көтереді немесе өзі қорлауды бастайды, көшбасшы ретінде әрекет етеді;
- *ассистент (агрессор көмекиісі)*: қудалауға белсенді қатысады, бірақ көшбасшыдан гөрі ізбасар орнын алады;
- *күшейткіш*: буллингті ынталандырады, буллинг жасалуға жағдай жасайды, қажеттіліктерді қамтамасыз етеді, қолдау тобында болады және қорлау ойынына қатысады;
- *қорғаушы*: жәбірленушіні қорғайды, буллингке ұшыраған оқушыны қолдайды, жігерлендіруге тырысады.
- *бақылаушы*: ештеңе жасамайды, шетте қалады, немқұрайлылық танытады.
- *жәбірленуші*: қорлауға ұшырайды.

Осы аталған мектептегі буллингке қатысушылар рөлдеріне байланысты қатысушыларды төмендегі сурет арқылы көрсетсек (1-сурет)

Бақылаушылар
Буллинг құрбаны
Ерушілер
Буллерлер
Ынталандырушылар
Қолдаушылар
Немқұрайлы қарайтындар
Әлеуетті қорғаушылар

1-сурет. Мектептегі буллингке қатысушылар

Мектепте буллинг үдерісіне – агрессор балаларға қатысады. Олар буллинг жасауды алдын ала жоспарлайды. Демек агрессорда буллингтің жоспары, нақты мақсаты және оны жүзеге асыратын ниеті болады. Белсенді қорқытумен айналысатын балаларда мақсатты аңду, нақты және өрескел, сенімді сөйлеу, өзін сенімді ұстау, батылдық, тапқырлық сияқты әлеуметтік құзыреттіліктері дамыған және құрбанының эмоцияларын жақсы

түсінеді, бірақ оларда жанашырлық сезім дамымаған. Басқа адамның көңіл күйінің қандай болатынына еш ойланбайды да қызықтырмайды, яғни буллингтің құрбаны болу қандай болатынын түсінбейді. Сондықтан баланың өтпелі кезеңінде ата-ана, педагог пен психологтардың буллингтің алдын алу жұмыстарына белсенді жұмылуы маңызды.

Баланың тұлғалық дамуы оның өмірлік белсенділігі мен әлеуметтік қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Сонымен қатар балалық шақтан жасөспірімге, жасөспірім шақтан есею кезеңіне өту жолы бірқатар қиындықтармен бірге жүреді. Осы кезеңге психологтар ерекше назар аударады. Л.С. Выготский жасөспірімнің жетілуін *органикалық, жыныстық және әлеуметтік деп бөледі. «Үш бөлек арнаға бөлінген даму - өздігінен күйші жетілу жасы, бірақ сонымен бірге бұзылу мен тұрақсыздықтың тепе-теңдік жасы, және осы жастың негізіндегі күшті жетілу оны ерекше сыни етеді. Шындығында жетілу қиын және жасауы. Бұл тегіс жолмен келе жатқан саяхатшыға айтарлықтай әсер етпейтін, ал тауға шыққан саяхатшы үшін кейде құлатып жіберердей, ең қиын кедергі болатын құбылыс сияқты...»* [4] деп, жасөспірімдік шақты - ең тұрақсыз және өзгермелі кезең екенін және осы кезде жас ерекшелік қажеттіліктері мен қызығушылықтарының құрылымы негізінен жасөспірімнің әлеуметтік-таптық байланыстарымен анықталатынын айтқан.

Э. Эриксон жасөспірімдік кезеңді адам өмірінің ең маңызды және ең қиын кезеңі деп санаған. Жеке тұлғаның тұтастығын қалыптастырумен бірге жүретін психологиялық шиеленіс тек физиологиялық жетілуге, жеке өмірбаянға ғана емес, сонымен бірге адам өмір сүретін қоғамның рухани атмосферасына, әлеуметтік идеологияның ішкі қайшылықтарына байланысты екенін баса айтты [5]. Сондықтан буллингтің жиі және өте қатыгез түрлері жасөспірімдер арасында көптеп орын алады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының (46-26) тармақшасына сәйкес Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы қабылданды.

Аталған қағиданың «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын жүргізудің тәртібі» атты тарауында мектепте тоқсанына кемінде 1 рет

- құқықтық жалпыға бірдей оқыту, сынып сағаттары, ата-ана жиналысы, сабақтан тыс тәрбиелік іс-шаралар және т.б. әңгімелесу, кездесу, пікір алмасу арқылы хабардар болуын арттыру;

- оқыту семинарлары (вебинарларға), тренинг, шеберлік сыныптар, коучинг, конференция, форум, дебат, дөңгелек үстелге қатысу арқылы педагогтердің оқу-тәрбие жұмысындағы буллинг және кибербуллингті алдын алуға байланысты кәсіби құзыреттілігін арттыру;

- оқушының заңды өкілдерін баланы жәбірлеуге (буллингке) жол берілмейтіндігі туралы (жазбаша немесе ауызша хабардар ету) хабардар ету;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілеріне ол анықталған жағдайда жасырып қалуға тырыспай, дереу көңіл бөліп, шара қолдану [6] керектігін атап айтқан. Осы аталған заңнамалық құжатта айтылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «Буллинг және кибербуллинг» алдын алу мақсатында мектептегі сынып сағатында ескерілетін жағдайларға байланысты сынып сағатының үлгісі ұсынылып отыр. Сыныптарға байланысты қолданылатын материалдардың көлеміне және игеру

мазмұнына қарай сынып сағаттарының өтілу жүйелілігін сақтаған жөн. Тақырыптарды бірнеше аптаға бөліп өткізу барысында оқушылардан кері байланыс алып, буллингті алдын алу және қорғану дағдыларының қалыптасқанын анықтау арқылы тәрбие сағаттарының нәтижесі байқалады. Сонымен қатар жоспарланған кезекті сынып сағатына берілген тапсырма оқушының ақпарат іздеуіне ықпал етіп, өзара пікір алмасуға қызығушылықтарын арттырады. Мысалы, *Quiziz, Kahoot, Word wall* сайттары арқылы буллинг туралы білімдерін кеңейту мақсатында түрлі тапсырмалар жасауға болады.

№11ЖББМ

Баяндама

**«Мектепте оқушылардың арасында буллингті алдын
алу мәселелері»
(Ата-аналар жиналысы)**

2024-2025 оқу жылы





https://www.instagram.com/p/Co3_mvEMhkG/?img_index=6&igsh=MTM0eGt1ZDZrOWZ0cg

==

Педагог-психолог: Дабулова Н.

Ақпарат

Тақырыбы: «Жас маман-жас педагог»

Өткізілген күні: 21.11.2024ж.

Қатысқандар: 12 жас маман

Жұмыс түрі: тренинг

Мақсаты: педагогтық әдеп туралы түсінік беру, мұғалім мен оқушылардың арасында жақсы қарым – қатынас орнатуға ықпал жасау. Педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір-біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл-күйлерін көтеру.

Нәтижесі: педагогтық әдеп туралы түсінік беру, мұғалім мен оқушылардың арасында жақсы қарым – қатынас орнатуға ықпал жасау. Педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір-біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында мектеп мұғалімдерімен бірге тренинг жүргізілді. Тренингті бастамас бұрын мұғалімдерге педагогтық әдеп пен мәлімет туралы қысқаша түсінік жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, мұғалімдердің шеберлігі мен актерлық тшеберлігін шыңдау мақсатында жағдаяттар мен ойындар жүргізілді. Барлық мұғалімдер өздеріне берілген жағдаяттан шығып, «Туған күн» ойынында өздеріне берілген рөлдерде ойнап шыға алды. Соңында релаксация жүргізілді. Тренинг соңында мұғалімдер алған жағымды әсерлерімен бөлісті.



<https://www.instagram.com/reel/DAwP93bMXxM/?igsh=azNhcWhyNXR1Yncy>

Педагог-психолог:

Дабулова Н.

Ақпарат

Тақырыбы: Менің қалауым-менің болашағым

Күні: 21.11.2024ж.

Қатысқандар: 9-11 сынып оқушылары

Мақсаты: Жеткеншектердің өзін-өзі тануын қалыптастыру, болашаққа нақты мақсат қоя білуге және өзіне деген сенімділікті нығайтуға бағыт беру. Ойларын еркін білдіре ділуге дағдыландыру.

Нәтижесі: 9-11 сынып оқушыларына бірнеше жаттығулардан тұратын, оқушыларды сенімділікке үйрету, бір-біріне деген қарым қатынасын нығайту. Тренингте оқушылар белсене араласып отырды және ойын-жаттығуларды жүргізу барысында оқушылардың көңіл-күйлері көтеріңкі болғаны байқалды.

Ұсыныс: ҰБТ дайындығын арттыру мақсатында таңдап отырған пән мұғалімдерімен біргелікте жұмыс жасау





https://www.instagram.com/p/C_Vb8KFM2H6/?igsh=ajdlcm14cXR0MHo4

| Мектеп психологы: Сарбасова З. Дабулова Н.

Психологиялық тренинг «Менің қалауым-менің болашағым»

Сабақтың тақырыбы: «Менің қалауым-менің болашағым»

Сабақтың мақсаты: 1. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру.

Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.

Көрнекілігі: мамандық суреттері, слайдтар т.б

Барысы: Ұйымдастыру кезеңі

Кіріспе: Басым көкке жетсін десен армандап,

Әр жұмысты бөліп істе, қарма оңдап

Барлық істі сарапқа сап істегін,

Қисаппенен қазынаңды үстегін.

Ж. Баласағұн

I. Кіріспе сөз

- Бәсекеге қабілетті білікті маман, адамгершілігі мол азамат қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы. Алдыңнан шыққан қиындыққа төзіп, сабырлықпен жауап берсең, болашағыңның жарқын арнаға ығысары сөзсіз. Мектеп қабырғасында он бір жыл бойы қанатымызды қатайтып, өрісімізді кеңейтіп, білім жарысының мәресіне жеткеннен кейінгі

ойланатын мәселе – болашақ мамандығым қандай болмақ? Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі.

Біздің журналымыздың бүгінгі саны мамандық туралы болмақ. Сіздер журналымыздың «Өзекті мәселе», «Жаңалықтар таспасы», «Оқушылар жобасы», «Қызық деректер», «Сен білесің бе?» «Психологиялық тренинг», ойындар айдарын тамашалайсыздар.

2. «Мамандықтар классификациясы»

Мұғалім: - Орыс академигі, тәжірибелі әдіскер – психолог Климовтың зерттеуінше мамандықтың бірнеше классификациясы бар. Олардың неғұрлым белгілілері еңбек пәніне негізделеді. Еңбек пәні бойынша жіктелетін мамандықтар 5 топқа бөлінеді:

*адам – техника,
адам – адам,
адам – белгі жүйесі,
адам – табиғат,
адам – көркем образ.*

- Адам – техника: бұл типке техникалық құрылғылармен жұмыс жасайтын ұшқыштар, матростар, электромонтерлер, слесарь жатады.
- Адам – адам: мұнда мамандық иесі үшін еңбек нышаны болып басқа адам табылады, ал қызмет сипаттамасы – басқа адамдарға әсер ету, адамдармен жұмыс істеу. Мұндай мамандықтарға мұғалім, дәрігер, журналист, сатушы, заңгер, банкирлер жатады.
- Адам – белгі жүйесі: бұл типті таңдаған адамдар абстрактілі ұғымдармен жұмыс жасауды білуі керек және ой-өрісі өте кең болу керек. Бұл бухгалтерлер, оқымыстылар, ЭЕМ операторлары, зертханалар мен ғылыми орталық жұмысшылары.
- Адам – табиғат: бұл тип мамандары өлі және тірі табиғат процестері мен құбылыстарымен жұмыс істейді. Олар мал дәрігері, агроном, гидролог, механизатор, тракторист, эколог.
- Адам – көркем образ: бұл типке өнер мен көркем өнерге бейім, талантты адамдар жатады. Олар архитекторлар, дизайнерлер, суретшілер, әнші, актерлер.

-Енді, «Қызық дерек» айдарына көшейік. Әлемде ең сирек кездестінін мамандықтар туралы дайындаған Аманғос Әкімгерей және Мырзағали Ақгүл өздері дайындаған ақпаратпен бөліседі.

3. Психологиялық тренинг « Мен қандай маман боламын?»

Оқушылар өзіңе ұнаған геометриялық фигуралардың кез - келгенін таңдауы тиіс. Әр фигура қандай да бір адам бойындағы қасиетті, қабілетті білдіреді. Әрқайсысымыз өзімізді танып көрелік.

Квадрат. Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық дамыған. Өз айналана адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетін баршылық. Сенен үздікадминистратор шығады

Зигзаг. Сенде әсемдікті көре білу қабілетін жоғары қалыптасқан, сондай - ақ шығармашылық қабілетін, ой - өрісін дамыған. Сенде табиғи өткіройлылық бар, өз айналана қабілетті адамдарды жинай аласың. Сені шаблондар, ережелер, нұсқаулар қызықтырмайды. Бастаған істі аяқтауға төзімділіктің жоқтығы бөгет жасайды.

Шеңбер. Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріптесінді тыңдай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесің, басқаның ауарпатылығына жәрдемдесу қабілетін жоғары қалыптасқан. Саған жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес, өзінді олардан аулақ ұстайсың. Сенен үздік психолог шығуы мүмкін.

Үшбұрыш. Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныңнан шықпайсың, абыройлысың. Сен қоғамда, өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізесің, жұмысында жоғарыға көтерілуге бейімділігің бар.

Сергіту сәті. «Мамандық таңдау маңызы» видео карау. <https://www.youtube.com/watch?v=JJm1aVylt1Y>

4. «Мен таңдаған мамандық» жобасы.

Оқушылар өздерінің таңдаған бесінші пәндеріне байланысты 3 топқа бөлініп отыр. «Физика», «География» және «Биология, химия» әр топқа ресурстар үлестіріледі. Әр топ мамандықтарының жобасын қорғайды.

5. «Әріпті мамандық» ойыны.

Әр топқа бір әріптен беріледі. Әр топ өзара келісе отырып, сол әріптен басталатын мамандық аттарын жинақтап жазып, ауызша атап шығулары керек. Сонымен қатар, өздері тапқан мамандықтарыныңқыр — сырын айту керек. Мысалы:

I топ: «А», II топ: «К», III топ: «Ж».

агроном күзетші журналист

III. Қорытынды.

-Ж. Аймауытов “Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе” деген екен.

«Отанның болашағы, мемлекеттің келешегі жастардың қолында, яғни сендердің қолында, сондықтан олардың өрісті ойы, өркенді ісі, табанды тіршілігі тек біліммен ұштасқан біліктіліктің арқасында биік белестерге жетеді» деген Н. Ә. Назарбаевтың сөзімен бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің №11 жалпы білім беретін мектеп КММ

ХАТТАМА

2024 жыл 08 қараша

Тақырыбы: «Мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту, деструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын ата-аналарға ақпараттандыру.

Қатысқандар: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы, 8 сынып жетекшілері және ата-аналары.

Күн тәртібінде: 8 сынып оқушыларының физикалық және психикалық денсаулығын нығайту, деструктивті мінез-құлықтың алдын алу. №2 дәріс

Тыңдалды:

Мектеп психологы Н.У Дабулова бағдарламаның енгізілуі жөнінде Оқу ағарту министрілігінің, Денсаулық сақтау министрілігінің, Ішкі істер министрлігін және Маңғыстау облыстық білім басқармасының бұйрығымен таныстырды. Ата-аналарға психикалық денсаулық туралы мағлұматтар айтып, бағдарламаның маңыздылығы мен өзектілігін түсіндірді. Бағдарлама аясында жүргізілетін жұмыс түрлерімен таныстырды: мектеп қызметкерлерін оқыту, оқушылардан сауалнама алу, хабардарлығын арттыру. Сонымен қатар оқушылардан сауалнама алу үшін ата-аналардың рұқсатын алып, келісім парағымен таныстыру жұмысын жүргізді.

Жарыс сөзге шыққандар:

Мектеп мұғалімі: Сандыбаева Сағира «егер де мен баланың көңіл – күйінің жоқтығын байқасам, дереу жеке сұхбаттасып баланың қал-жағдайын анықтау тырысатындығын жеткізді. Ол маған ашылып ешнәрсе айтпаса немесе сөйлемей қойса психологтың көмегіне жүгінетіндігін айтты». Мұғалімдер дәріс барысында үйренген тәжірибелермен бөлісе отырып, мәселені шешуге ұмтылды.

Ата-ана Нурлыева Курбанай: алынатын сауалнама өте өзекті әр маңызды екен. Баламыздың болашағы үшін әсіресе қазіргідей алқынып тұрған аумалы төкпелі уақытында жүргізілетінгі өе жақсы екен. Мен ата ана ретінде өз келісімді беремін. Барлық ата анада қарсы болмасы анық. Мінездері тез құбылып тұратын балаларымыздың қазіргі ситуациялық күйін анықтап қойғаны абзал.

Мектеп психологы оларға «вахтерлар» психотерапевтік қызмет атқармайтындығын ескертті.

Қаулы етеді:

«Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу жөніндегі жобаны кезең-кезеңімен енгізу туралы» бірлескен бұйрығын іске асыру бойынша іс-шаралар өз деңгейінде жүргізілсін.

Бағдарламаға қатысты іс-шараларды уақытында, сапалы жүзеге асыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен психологтарға жүктелсін.

Мектеп директоры
Хатшы

Д.М Джамалов
Р. Калаубаева

